

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге берілген кредиттер бойынша қарыздарды беру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 6 наурыздағы N 224

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық Банкі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылау қолдау жөніндегі мемлекеттік қор арасында 1995 жылғы 2 наурызда:

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға республика ішіндегі өзара қарыздарды есептеудің дебет сальдосын өтеу және еңбекақы төлеу кредиттері бойынша меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің берешегін беру тәртібі жөнінде;

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің алған директивтік кредиттері бойынша берешегін беру тәртібі жөнінде;

Орталықтандырылған кредит ресурстары бойынша ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің берешегін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға беру жөнінде жасасылған келісім мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қоры Ұлттық Банктің қатысуымен, 1995 жылғы 15 наурызға дейін аталған қаулыға қоса беріліп отырған келісімдерге сәйкес, ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің республика ішіндегі ведомствоаралық есептеудің дебеттік сальдосын өтеу және еңбекақы төлеуге алған кредиттері мен директивтік кредиттері және 1995 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша олар жөніндегі айыппұл мен өсімдер жөніндегі берешегін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банкінің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрлігінің жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың облыстық филиалдарын құру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

4. Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор Кеңесімен келісім бойынша, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы органдарының жанынан олардың құрамына мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық органдарының, облыстық агроөнеркәсіптік банктердің қаржы басқармасы органдарының және шаруа қожалықтары ассоциацияларының өкілдерін енгізе отырып,

қордың облыстық филиалдарын құрсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор Кеңесі қордың облыстық филиалдары жөніндегі ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 6 наурыздағы

№ 224 қаулысымен

Мақұлданған

Меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өзара борыштың ішкі республикалық есебінің дебеттік сальдосын өтеуге және жалақы төлеуге арналған кредиттер бойынша берешегін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға беру тәртібі туралы

Келісім

Алматы қаласы

1995 жылғы 2 наурыз

Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі, бұдан былай "Қаржымині", министр А.С.Павлов арқылы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, бұдан былай "Ауылшармині", министр Ж.С.Кәрібжанов арқылы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл

шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор, бұдан былай "Қор", президент А.Ф.Романов арқылы мына төмендегілер туралы осы келісімді жасады.

1. Келісімнің мәні

1.1. Осы арқылы Қор ауыл шаруашылығын тауар өндірушілерінің Қазақстан Республикасының банкілерінен орталықтандырылған кредиттік ресурстар бойынша өзара берешектің ішкіреспубликалық есебінің дебеттік сальдосын өтеуге және жалақы төлеуге алған қысқа мерзімді кредиттері жөніндегі берешекті өз балансына алады.

Берешекті беру тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қаржымині мен ауылшарминінің бірлескен телеграммасымен белгіленеді.

1.2. Қаржымині Ауылшарминіне жер-жерлерде Қордың құрылымдық бөлімшелері құрылғанға дейін, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен жоғарыда аталған кредиттер бойынша, берешекті өндіріп алу құқын береді.

Осы Келісім бойынша, Қор Қаржымині алдында өзіне жоғарыда аталған кредиттер бойынша, барлық берешекті және олар бойынша проценттерді 1995 жылдың 15 желтоқсанынан бастап 2 жыл ішінде заемшылардан, олардың қаржы жағдайының тұрақтануын ескере отырып, өндіріп алуына қарай және өндірілген соманы тиісінше, республикалық және жергілікті бюджеттердің кірісіне аудара отырып өтеу жөнінде қалтқысыз міндеттеме алады.

1.3. Қордың Қаржымині алдындағы берешегінің сомасы негізгі қарыздан және жоғарыда аталған кредиттер бойынша 1995 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша қосылған проценттерден тұрады, бұл сомаға қарызға жұмыс істегені үшін жылына 10 процент қосылып отырады.

1.4. Қор Қаржыминіне қарызын белгіленген мерзімде өтемеген жағдайда, Қордың міндеттемелеріне жұмыс істегені үшін Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша алым алынады.

1.5. Қорға жекешелендірілген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бойынша берілген берешек Қор мен Қаржымині арасында "Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін жекешелендірудің ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес ресімделетін болады.

2. Қосымша шарттар

2.1. Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

2.2. Осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар тараптардың

өзара жазбаша келісімі бойынша енгізіледі.

2.3. Өзара тиімді шешімдерге қол жетпеген жағдайда, даулар төрелік сотта, заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

2.4. Осы Келісім заңды құжат болып табылады, орыс тілінде әр тарапқа бір данадан төрт дана етіп жасалады, әрбір дананың заңдық күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

жанындағы Ауыл шаруашылығын

қаржылай қолдау жөніндегі
мемлекеттік қордың президенті

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 6 наурыздағы
N 224 қаулысымен
Мақұлданған

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі

мемлекеттік қорға меншіктің барлық нысанындағы
ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер алған
директивтік кредиттер бойынша берешегін беру
тәртібі туралы

Келісім Алматы қаласы 1995 жылғы 2 наурыз

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бұдан былай "Қаржымині", министр А.С.Павлов арқылы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан былай "Ұлттық Банк", Басқарма төрағасы Д.Х.Сембаев арқылы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, бұдан былай "Ауылшармині", министр Ж.С.Кәрібжанов арқылы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор, бұдан былай "Қор", президент А.Ф.Романов арқылы Қорға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер алған директивтік кредиттер бойынша берешектерін беру тәртібі жөнінде осы келісімді жасады.

1. Келісімнің мәні

1.1. Осы арқылы Қор ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 1994 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қаржы министрлігі мен облыстар әкімдерінің кепілді міндеттемелерімен алған және Қаржыминінің N 806, N 796 және облыстық қаржы басқармаларының N 807, N 797 шоттарында дебиттелінген, Ұлттық Банкке мерзімінде қайтарылмаған директивті кредиттері жөніндегі берешегін өз баласына қабылдайды.

Қаржыминімен, облыстық қаржы басқармаларымен, Қормен келісілген директивті кредиттер жөніндегі берешектер мен оларға есептелген проценттер Қаржыминінің және облыстық қаржы басқармаларының шоттарынан Қордың Ұлттық Банктегі жекелеген есебіне кредит ресурстарын Қаржымині мен облыстық қаржы басқармалары Ұлттық Банк арқылы бір мезгілде бере отырып, дебиттелінеді.

1.2. Бұдан әрі Қаржымині мен облыстық қаржы басқармалары Қорға директивтік кредиттер және оларға есептелген, бірақ өндіріп алынбаған проценттер жөніндегі мерзімінде қайтарылмаған, Қорға берілген берешектерді заемшы - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден өндіріп алу жөніндегі құқын береді.

1.3. Осы арқылы Қор Қаржымині мен облыстық қаржы басқармаларының алдында 1995 жылғы 15 желтоқсаннан бастап, екі жыл ішінде заемшылардан өндіріп алу жағдайына орай, олардың қаржылық жағдайын тұрақтандыруды және тиісінше, республикалық, жергілікті бюджеттер кірісіне аударуын ескере отырып, директивтік кредиттер бойынша барлық берешектері мен проценттерін өтеу жөнінде өздеріне қалтқысыз міндеттеме қабылдайды.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің орталықтандырылған кредиттер жөніндегі берешегін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға беру тәртібі туралы

Келісім Алматы қаласы 1995 жылғы 2 наурыз

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бұдан былай "Қаржымині", министр А.С.Павлов арқылы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бұдан былай "Ұлттық Банк", Басқарма төрағасы Д.Х. Сембаев арқылы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, бұдан былай "Ауылшармині", министр Ж.С. Кәрібжанов арқылы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қор, бұдан былай "Қор", президент А.Ф.Романов арқылы мына төмендегілер туралы осы келісімді жасады.

1. Келісімнің мәні

1.1. Осы арқылы Қор ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жалақыға, өзара қарыздардың ішкіреспубликалық дебеттік сальдосын өтеуге өз айналым қаражатының жетіспеуінен алған кредиттерді, сондай-ақ директивтік кредиттерді қоспағанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдері бойынша орталықтандырылған кредиттік ресурстар есебінен банктер арқылы алған кредиттер жөніндегі және қосылған, бірақ өндіріп алынбаған проценттер, айыппұлдар, өсімдер жөніндегі берешегін (кейінге қалдырылған және мерзімі өткен берешегін қоса есептегенде) 1995 жылдың 1 наурызындағы өз балансына алады.

1.2. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ішкіреспубликалық есеп жүргізуге, жалақыға, өз айналым қаражатын толықтыруға және директивтік кредиттерге бөлінген кредиттер жөніндегі берешекті Қордың балансына беру тәртібі Қаржымині, Ауылшармині, Қор мен Ұлттық Банк арасындағы жеке келісімдермен белгіленеді.

1.3. Ұлттық Банк Қор үшін жеке шот ашады.

1.4. Банктер Қаржыминінің, ұлттық Банктің, Ауылшарминінің бірлескен нұсқауы негізінде Қордың баласына берілетін берешек сомасын анықтайды және Ұлттық

Банкпен келіскеннен кейін, оларды Қордың шотына дебеттейді.

1.5. Қордың берешекті өтеуі мен ресурстар үшін ақы

төлеуінің шарттары Қордың, Ұлттық Банк пен Қаржыминінің арасында шарттар жасалған кезде келісіледі.

2. Қосымша шарттар

2.1. Осы келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

2.2. Осы келісімге өзгертулер мен толықтырулар тараптардың өзара және жазбаша келісімі бойынша енгізіледі.

2.3. осы келісім заңды құжат болып табылады, орыс тілінде әр тарапқа бір данадан төрт дана етіп жасалады, әрбір дананың заңдық күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі Ұлттық Банк Басқармасының
Төрағасы

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі Ауыл шаруашылығы министрлігі
жанындағы Ауыл шаруашылығын
қаржылай қолдау жөніндегі
мемлекеттік қордың президенті